

Абай – ұлт руханиятының темірқазығы

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы және философы. Ол XIX ғасырда өмір сүрсе де, оның ойлары мен шығармалары қазіргі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан емес. Абай – қазақ әдебиеті мен руханиятының іргетасын қалаған тұлға. Оның өмірлік ұстанымдары мен дүниетанымы ұлт болашағына бағдар беріп келеді.

Абайдың басты мұрасы – оның өлеңдері мен қара сөздері. Бұл шығармаларда адамгершілік, еңбек, білім, ғылым, тәрбие және әділеттілік мәселелері кеңінен қозғалады. Абай адамның ішкі жан дүниесіне үңіліп, рухани дамуға шақырады. Оның «Толық адам» ілімі – тұлғалық жетілудің биік үлгісі.

Абай шығармашылығы қазақ халқының жаңа бағыттағы дамуына әсер етті. Ол дін мен ғылымның үйлесімін дәріптеді, халықты надандықтан, жалқаулықтан арылуға шақырды. «Ғылым таппай мақтанба», «Болмасаң да ұқсап бақ» деген жолдары – жастарға бағытталған мәңгілік үндеу. Ол орыс және әлем әдебиетін де терең меңгеріп, Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты классиктердің шығармаларын қазақшаға аударды. Бұл – қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерудің алғашқы қадамдары болды.

2020 жылы Абайдың 175 жылдығы елімізде және шетелде кең көлемде аталып өтті. ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында халықаралық деңгейде шаралар ұйымдастырылып, оның шығармалары 30-дан астам тілге аударылды. Бұл – Абайдың тұлғалық деңгейінің бүкіл әлемге танылғанының дәлелі.

Абай – тек әдебиет пен өнердің өкілі ғана емес, ұлттық идеяның символы. Оның «адам болу» туралы қағидалары бүгінгі күннің де өзекті мәселелеріне айналып отыр. Жаңа Қазақстанның жас азаматтары Абайдың ой-тұжырымдарына сүйене отырып, елдің болашағына өз үлестерін қосуы тиіс.

Қорытындылай келе, Абай – қазақ руханиятының шамшырағы. Оның мұрасы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды қазына. Абайды оқу – өзіңді тану, рухани өсу мен ұлттық бірегейлікті сезіну деген сөз.